



Болашағыңа алаңмын сенің, Бестөбем!..

Бестөбе – ерекше жер. Бабалардан бізге аманат болып қалған бул алтынды өлкенің тарихы тереңге кетеді. Оның өткені сырт көзге көбінесе осы текес кеніштер тарихына үқсай тұра, өзіндік ерекшелігімен дараланады. Алтын қашанда қымбат дүние ғой және оны халық «киелі, қасиетті, жер астында жата бермей, бір кездे жарыққа шығады» деп те айтып жатады. Оның құндылығы, әсіресе, соғыс апаты, басқа да қыын-қыстау кезеңдерде еселеп арта түседі. Алайда, кеніштің басты құндылығы – ондағы адамдар, олардың сындарлы кезеңдерде бойына жинаған рухани қазынасы болса керек.

Балға үймелеген арадай, алтынды жерге адамның да үйір келетіні мәлім. Аштықта тарыдай шашылып Сібірге ауып барған қазақтың біршамасы елге қайтарда осы кеңті мекендең қалады. Олар осындағы орыстармен және репрессия құрбандары неміс, ингуш, шешен сияқты үлт өкілдерімен үжымдастып, кеніш алтынның бірлесе ігереді. Бестөбе Кенес деуіріндегі қылы кезеңінің бәрін басынан кешіп, шынығып шындала берді. Оның шаруашылығы Ұлы Отан соғысы кезінде, әсіресе одан кейінгі «қалпына келтіру» жылдары біршама өрге басты. Іріл-ұсақты қәспіорындарды білгай қойғанда, бул кезде екі үлкен шахта, алтын қорыту фабрикасы үзілліссіз жұмыс жасап тұрды. Он мыңнан астам халық бар кеңті бір бастауыш, екі орта мектеп, емхана кешені жұмыс істеді. Біртіндеп жалақы өсіп, әлеуметтік мәселелер де өз кезегінше шешімін тауып жатты. Тек халықтың шымбайына әтпелі кезеңде өндірістің тоқырап, кейінірек мұлде тоқтап қалуы қатты батты. Дегенмен, кеніш соның бәріне шыдап, елі қынғе тынысын тоқтатпай келеді.

Бестебенің тағдыр-талайы, бүгінгі болмысы мен ертеңгі болашағы туралы кезінде лауазымды қызметтерде болған, есімі Ақмола аумағына жақсы тағыншыл азамат Сайлаубек Байболовтың бұдан 2-3 жыл бұрын орталық басылымдарда жарық қөрген «Бестөбе – алтын мекен», «Бестебенің бергені алтын, көргені азап» атты мақалаларында жазылды. Сонымен қатар, жуырда жерлес жазушы Әміржан Әллейісовтың «Азаттық аңсаған Сарыарқа» кітабында да алтынды өнірдің ахуалы кең көлемде айтылған. Екі автор да кеніштің бүгінгі көлеңсіз хал-ахуалы мен ертеңгі көмекі болашағына қамкөңіл болып, қынжылады. Десек те, олар кеніш тағдыры Елбасымыздың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан еліміздің индустряландыру бағдарламасы-

нан қалыс қалмасына сөнім білдіреді. Қазірде бес-төбеліктер осы сөнім актапып, кеніштің елі де сарқылмаған алтын қазынасы молынан өндіріліп, халықтың илгілігіне асатын айшықты қунді асыға күттеде.

Осыдан 5 жыл бұрын отбасымыз тұрып жатқан Кереку қаласынан өзімің балалық шағым өткен осы алтынды өлкеге жолым түсіп, барған едім. «Елу жылда ел жаңа» дегендей, кеніштің өткен уақыт аралығында «жаңағарған» әлпетін көргенде, алабұртқан көнілім су сепкендей басылса да, сағыныш сезіміне ерік беріп, елең шығарған едім. Соның ойынмың жалғасы ретінде оқырман назарына ұсынды жән көрдім.

Бестөбе десем, елес бол тұrap алыстан,
Үміт пен арман егіз ғой бірге жарысқан.

Ақша бұлт алып Кереку жақтан баар ма,
Сезімді ыстық жүректе бір кез табысқан?!

Казірде өлкем айырылған бағзы қүйінен,
Шашылып қапты отвалдар қаттап үйілген,
Файып бол мұлде көтіпі тerekонніктер,
Кеншілер енді көлмейді гудок үнімен.

Тағдырың ісі – көмескі тартты күндерін,
Көлеңке түсіп, солыпты бір сәт гүлдерін.
Көлігір байрақ астында тағы түлесірін,
Жайнатар қайта ұяннан ұшқан түлегін.

Бестөбе десем, жастиқ шақ тусер есіме,
Сілеті өзен жазықта аққан кесіле.

Суына мәлірдің сүңгіп бір шықсан тағы да,
Келер ме екем қайтадан жиырма бесіме!?

Бестөбе саган сағыныш жырын арнаймын,
Өткенге тағзым, тіріге сөлем жолдаймын.

Шуакты болсын, күндерін келер алда деп,
Ақ тілек, адал батасын елдің қолдаймын.

Мурат ҮМБЕТЕЙТЕГІ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

Павлодар қаласы.